



Махамбет Өтемісұлы

(1803 – 1846)

Тақырыбы: Махамбет Өтемісұлы

“Қызғыш құс” өлеңі



Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,
Қанатың қатты, мойның бос.
Исатайдан айрылып,
Жалғыздықпен болдым дос.
Ау, қызғыш құс, қызғыш құс!
Ел қорғаны мен едім.
Мен де айрылдым елімнен;
Көл қорғаны сен едің,
Сен де айрылдың көліңнен.
Аспанда ұшқан қызғыш құс!
Сені көлден айырған –
Лашын құстың тепкіні.
Мені елден айырған –
Хан Жәңгірдің екпіні.
Айтып - айтпай немеңе,
Құсарлықпен өтті ғой,
Махамбеттің көп күні!

Қызғыш құс- балықшылар тобына жататын, дене тұрқы 30см, салмағы 200г ғана құс.

Мойны мен жемсауы қара, жасылдау жылтыр, бауыры мен екі бүйірі ақ, тұмсығы түзу әрі қысқа, шүйдесінде қара қауырсын айдары бар, айлалы құс.

Лашын- сұңқар тұқымдасына жататын жыртқыш құс.Қанаты ұзын, үшкір, аяқтары қысқа, тырнақтары майысқан, өткір.

Сағатына 300 шақырым жылдамдықпен ұшады. Денесінің ұзындығы 40-50 см.

Сөздік жұмысы.

Көл қорыған – көлді мекендеген

Лашын құстың тепкіні - көлге

жолатпау

Құсалықпен өту - уайым, қайғыға

түсу, өкінішпен күн өткізу.

Сергію сәті

I топқа тапсырма

Махамбет кім?

A diagram featuring a central text element 'Махамбет кім?' in bold blue font. Four white arrows originate from the text and point outwards in different directions: one towards the top-left, one towards the top-right, one towards the bottom-left, and one towards the bottom-right. The background is a gradient of purple and blue, with a large dark blue curved shape on the right side.

II топқа тапсырма

Құс



III топқа тапсырма

- 1) Ерлік, батырлық туралы мақал-мәтелдер айту.**

Ой шақыру

1 топқа

Егер мен батыр болсам(эссе)

2-топқа

Өлеңде не айтылған?

3-топқа

Егер мен ақын болсам(эссе)

Сұрақ-жауап ойыны

1. М.Өтемісұлы қай жылы, қай жерде өмірге келген?
2. Ақынның "Соғыс" өлеңі туралы не білесің?
3. Махамбеттің өлеңдерін ата?
4. Махамбет бойында қандай адамгершілік қасиет бар?
5. "Құсалықпен өту" қандай мағынаны білдіреді?
6. Махамбет қай жерде жерленген?

Үйге тапсырма:

Өлеңді жаттау. Өлеңнен эпитетті табу.

Назар салып тындағандарыңызға рахмет!

Дайындаған: Асылбекова Маркизат